



ҚК “Мәдениетті, білімді және әлеуметтік мәселелерді дамыту Қазақстандық қоры”

«Kumbel LAB» IT-саласындағы қыздарға арналған әлеуметтік-білім беру жобасының мобильді әзірлеу бойынша оффлайн курстарының жасақтаушысы (әзірлеушісі) және оқытушысы

Қысқаша мәлімет

- IT мамандығында оқитын шамамен 30-40 студент қызына арналған «Kumbel LAB» әлеуметтік-білім беру жобасы екі тілде жүреді - қазақ тілді және орыс тілді екі топ.
- Қызмет түрі: тренер/оқытушы (қазақ және орыс тілдерінде бөлек тренерлер)
- Қызметті жүзеге асырудың болжамды кезеңі: 2026 жылғы қазан – 2027 жылғы маусым
- Өтінімдерді қабылдау мерзімі: 14 тамыз, 2026 ж.

Жалпы ақпарат:

«Мәдениетті, білімді және әлеуметтік мәселелерді дамыту Қазақстандық қоры» қоғамдық қоры (бұдан әрі — МБӨҚК) — әйелдердің дамуына ықпал ететін әлеуметтік бастамаларды іске асыру мақсатында 1999 жылғы желтоқсанда Алматы қаласында (Қазақстан) құрылған коммерциялық емес ұйым. Түрлі салалардағы білім беру бағдарламалары арқылы МБӨҚК қазақстандық қоғамдағы әйелдердің рөлін күшейтуге ұмтылады. Құрылған сәттен бастап МБӨҚК өз жобаларын бірлесіп жүзеге асыру үшін мемлекеттік органдармен, үкіметтік емес ұйымдармен және жеке компаниялармен жұмыс істеу мүмкіндігіне ие болды. Әлеуметтік өзгерістерді ілгерілетудегі біздің күш-жігеріміз үш негізгі бағытты қамтиды: білім беру арқылы әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту, әлеуметтік жауапкершілікті арттыру және азаматтық белсенділікті нығайту.

«Мәдениетті, білімді және әлеуметтік мәселелерді дамыту Қазақстандық қоры» қоғамдық қоры (МБӨҚК) Алматы колледждерінің IT мамандығында оқитын шамамен 30-40 студент қызына арналған «Kumbel LAB» әлеуметтік-білім беру жобасы аясында мобильді қосымшаларды әзірлеу бойынша тоғыз айлық оффлайн курсты дайындайтын және өткізетін мобильді қосымша әзірлеушілерді (разработчик/программист) іздейді. Курс барысында AI-құралдар, Figma, Firebase, Flutter, сондай-ақ қосымша іс-шараларды ұйымдастыру үшін басқа да платформалар (мысалы, Zoom және Telegram) қолданылады. Бұл курстың мақсаты — студент қыздардың өзін-өзі дамытуына көмек көрсету. Олар кәсіби, әлеуметтік және психологиялық дағдыларды меңгере отырып, ақпараттық технологиялар саласында мансап құруға ұмтылады, сондай-ақ өздерінің өзін-өзі бағалауын және өзіне деген сенімділігін арттыру бағытында жұмыс істей алады.

Курсты аяқтау нәтижесінде KUMBEL LAB қатысушылары:

- Flutter және Dart негіздерін меңгереді және мобильді қосымшаларды дербес жазып, іске қоса алады;
- Қосымшалар архитектурасының базалық принциптерін (Clean Architecture, BLoC/Cubit арқылы күйді басқару) түсінетін болады;
- Желілік сұраныстармен, деректерді жергілікті сақтаумен және Firebase-пен (Authentication, Firestore, push-хабарландырулар) жұмыс істеуді үйренеді;
- Spec-driven development принципі бойынша әзірлеуге арналған AI-құралдармен және агенттермен жұмыс істеуді меңгереді;
- Өз спецификациясы бойынша жеке мобильді жобасын дербес жоспарлай алады, AI-агент арқылы әзірлейді және оны таныстыра алады;
- IT саласында мансап құруға қажетті кәсіби сенімділік пен дағдыларды дамытады.

Жұмыс көлемі мен нәтижелері

Бұл іс-шара төменде көрсетілгендей, жалпы алғанда шамамен 240 сағатқа дейінгі мерзімге есептелген:

- **2026 жылғы тамыз – қыркүйек** (шамамен 20 сағат) – **Курс мазмұнын әзірлеу**
- **2026 жылғы қазан – 2027 жылғы маусым** (шамамен 200-210 сағат) – **Курсты іске асыру**
- **Жалғасы; есеп беру – 2027 жылғы маусым** (шамамен 20 сағат) – **Студенттерді мониторингілеу, бағалау және есептілік (отчетность)**

Курс мазмұнын әзірлеу (20 сағат)

Тренер мақсатты аудиторияның ағымдағы білім деңгейі мен мобильді әзірлеу нарығының талаптары арасындағы алшақтықтарды анықтауға жауапты болады. Тренер курстың түпкілікті бағдарламасын дайындамас бұрын қатысушылардың дайындық деңгейі мен үмітін нақтылау үшін алдын ала сауалнамалар мен бағалау жүргізе алады.

Мақсатты аудиторияны талдағаннан кейін тренер курстың оқу жоспарын (не оқытылатынын) әзірлейді және оқыту әдістерін (қалай оқытылатынын) айқындайды. Курс Flutter-әзірлеу негіздерін және AI-first әзірлеуге көшуді қамтуы, сондай-ақ нақты жобаларда құралдар мен тәсілдерді іс жүзінде қолдану дағдыларын қалыптастыруы тиіс. Тренер оқуға арналған қызықты әрі интерактивті материалдар мен жаттығуларды, соның ішінде оқу материалдарын, үй тапсырмаларын, тесттер мен практикалық кейстерді дайындайды деп күтіледі.

Оқу жоспары кемінде он алты (16) тақырыптық блокқа бөлінуі және екі бөлімге топтастырылуы тиіс: Flutter негіздері және AI-first әзірлеуге көшу, сондай-ақ курстың соңында қорытынды жоба қарастырылуы қажет. 1-қосымшаны қараңыз.

Курсты іске асыру (аптасына 4-8 сағат аралығы / жалпы 200-210 сағат)

Тренер тоғыз ай бойы әзірленген курс бағдарламасына сәйкес оффлайн-сабақтарды өткізуге жауапты болады. Студенттер апта сайын практикалық сабақтарға қатысады, үй тапсырмаларын орындайды және топтық немесе жеке жобалармен жұмыс істейді. Тренер студенттердің сұрақтарына жауап беруге, үй тапсырмаларын тексеру мен

бағалауға, сондай-ақ білім алушылардың кері байланысы негізінде қосымша материалдар ұсынуға жауапты. Қажет болған жағдайда тренер Zoom арқылы қосымша сессиялар өткізеді және Telegram арқылы студенттермен байланыс орнатады.

Студенттерді мониторингiлеу және бағалау (шамасына 20 сағат)

Тренер студенттердің сабаққа қатысуын және белсенділігін бақылауға (мониторингiлеуге), білім алушылардың жеке үлгерімін тіркеу және олардың анықталған қажеттіліктерін қолдау үшін Excel-ді немесе басқа деректер базасын пайдалануға жауапты болады. Қажетті жағдайларда тренер сабақтан қалып қою (оқуды тастап кету) себептерін немесе басқа да «белгілерді» анықтап, бұл туралы жоба үйлестірушісіне хабарлайды.

Тренер бүкіл курс бойы студенттің үлгерімін дәл анықтау үшін курсқа дейінгі және курстан кейінгі бағалауды әзірлейді және жүргізеді, сондай-ақ алғашқы сабақтың алдында және курстың соңғы сабағынан кейін талдау жасайды.

Қорытынды сабақтан кейін екі апта ішінде тренер студенттердің қорытынды жобалары, алған білімі мен дағдылары, курстың ілгерілеуі, жалпы тартылымы (белсенділігі) мен сабаққа қатысуы көрсетілетін қорытынды бағалау есебін ұсынады. Есепке осы курстан алынған сабақтар негізінде оқыту тиімділігін арттыру үшін болашақ курстарды қалай бейімдеу керектігі туралы Қорға арналған ұсыныстар енгізіледі.

Үміткерге қойылатын талаптар:

- Мобильді қосымша жасау (әсіресе Flutter/Dart-та) бойынша кемінде 3 жылдық нақты жұмыс тәжірибесі;
- Сабақ беру, ментор болу немесе IT курстарын (жақсысы оффлайн форматта) өткізу тәжірибесі;
- Код жазғанда AI құралдарын (мысалы, Claude Code, Cursor, GitHub Copilot және т.б.) қолдана алуы;
- Clean Architecture, BLoC/Cubit (күйді басқару), REST API және Firebase сияқты негізгі технологияларды жақсы білуі;
- 30-40 студент қыздан тұратын топпен тіл табысып, сабақта жайлы әрі қолдау көрсететін орта қалыптастыра алуы;
- Қазақ тілінде өте жақсы сөйлей және жаза алуы;
- Орыс және/немесе ағылшын тілдерін білсе, тіпті жақсы;
- Жастармен жұмыс істеп көрген және IT-дегі қыздардың ерекшеліктерін түсінетін болса, бұл үлкен плюс болады;
- Келісімшарт жасасу үшін ЖШС (ТОО), ЖК (ИП) немесе өзін-өзі жұмыспен қамтушы (самозанятый) ретінде тіркелген болуы керек.

Тренер мына нәрселерді істей алатынын көрсетуі керек:

- Практикалық тренингтер дайындап, оларды өткізе алуы (әсіресе оффлайн форматта сабақ бергені маңызды);
- IT бағытында сабақ жоспарларын құрып, оқу бағдарламаларын тиімді жинай алуы;

- Оқу материалдары мен үй тапсырмаларын дайындау, сондай-ақ қыздардың білімін курс басталмас бұрын және аяқталғаннан кейін тексере алуы;
- Сабаққа қажетті Flutter, Firebase, Figma, AI құралдары мен басқа да платформаларды еркін қолдана алуы.

Өтінім беру

Өтінімде төмендегі ақпарат болуы керек:

- Өтінім беру хатының атауында тренер немесе тренерлер тобының сабақ беру тілі көрсетілуі керек;
- Ілеспе хат (Неліктен бұл жобаға қатты қызығып тұрғаныңыз туралы қысқаша мәтін);
- Тренердің немесе тренерлер тобының түйіндемесі (резюме);
- Техникалық ұсыныс: мұнда курстың кез келген 4 тақырыптық блогының тізімі (әрқайсысының аты мен 1-2 сөйлемнен тұратын сипаттамасы) және сабақ беру әдісіңіз жазылуы керек;
- Бұрын өткізген сабақтарыңыздың немесе жасаған жобаларыңыздың мысалдары немесе видеолары (егер бар болса);
- Бюджет: Теңгемен көрсетіледі (барлық дайын материалдар мен жұмыстар үшін ең көп дегенде 3 000 000 теңге дейін).

Өтінім берудің негізгі ережелері (Бұл талаптар сақталмаса, өтініміңіз қабылданбауы мүмкін):

- Ұсыныс сипаттамасы, түйіндеме (резюме) және бюджет сипаттамасы .docx (Word) форматында, ал бюджеттің өзі кесте түрінде .xlsx (Excel) форматында жіберілуі тиіс.
- Барлық материалдар орыс немес қазақ тілінде дайындалуы керек.
- Ұсыныс пен бюджет сипаттамасы Times New Roman шрифтімен, 12 өлшемде, 1 аралықпен (одинарный интервал) және жиектері 2,5 см етіп жазылуы қажет.

Үміткерлерді таңдау критерийлері (Мына нәрселерге баса назар аударылады):

- Ұсынылған әдіс-тәсілдердің (сабақ беру методологиясының) қаншалықты анық әрі тиімді екендігі.
- Үміткердің (немесе үміткерлердің) техникалық білімі мен жұмыс тәжірибесінің жобаға сәйкес келуі.
- Бағаның нарыққа сай әрі тиімді (бәсекеге қабілетті) болуы.

Құжат тапсыру бойынша сұрақтар туындаса, мына электронды поштаға жазуға болады: kumbellab@gmail.com. Егер сіз жіберген ұсыныс бойынша қосымша мәлімет немесе анықтама керек болса, біз сізге жазбаша хат жібереміз.

Осы конкурсқа қатысқысы келетіндер өз ұсыныстарын 2026 жылғы 14 тамыздан кешіктірмей kumbellab@gmail.com поштасына жіберуі тиіс. Хаттың тақырыбына (тема письма) міндетті түрде «Kumbel LAB Mobile Development» деп жазу керек.

Қосымша №1

Курстың қысқаша мазмұны және күнтізбе жоспары:

Деңгейі	Бастауыш (жаңадан бастайтын оқушылар)
Ұзақтылығы	9 ай 2026 қазан – 2027 маусым
Формат	Оффлайн, КИМЕР университетіндегі практикалық сабақтар, аптасына 3 ретке дейін
Студенттер саны	Шамадай 30-40 адам
Тақырыптық блоктар саны	Курстың екі бөліміне 16 блок
Қорытынды жоба	Жеке спецификация бойынша AI-агент көмегімен жасалған меншікті мобильді қосымша
Курс тілі	Қазақша
Негізгі техникалық құралдар	Flutter, Dart, Firebase, Figma, AI-агенты (например, Claude Code)
Байланыс құралдары	Zoom (қосымша сессиялар), Telegram-дағы группа

Курс блоктары бойынша қысқаша шолым

1-ші бөлік — Flutter	2-ші бөлік — AI-first
Введение, установка	Смена парадигмы
Dart за час	Spec-Driven Development
Виджеты	CLAUDE.md и память агента
Состояние, BLoC	Skills — рецепты
Навигация, GoRouter	Workflow AI-first
Сеть, Dio, repositories	Инструменты — Claude Code, MCP
Архитектура, Clean	Подводные камни
Firebase базово	Финальный проект